



**Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Қамқоршылар кеңесі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 маусым 1993 ж. N 540. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің мәртебесі туралы" 1993 жылдың 9 қаңтарындағы қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық

университетінің Қамқоршылар кеңесі құрылсын.

2. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Қамқоршылар кеңесі туралы Ереже (N 1 қосымша) және оның жеке құрамы (N 2 қосымша) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 25 маусымдағы  
N 540 қаулысына  
N 1 қосымша

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық  
университетінің Қамқоршылар кеңесі туралы  
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті

Қамқоршылар кеңесінің (бұдан былай - Қамқоршылар кеңесі) негізгі мақсаты мен қызмет аясы, ұйымдық құрылымы, сондай-ақ атқарар функциясы һәм құқы мен міндеттерін айқындайтын бірден-бір құжат.

2. Қамқоршылар кеңесі университет жұмысын қоғам мүддесімен келістіру, университетке қаржылай көмек көрсету, оның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін құрылды.

3. Қамқоршылар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, Премьер-министрдің өкімдері мен осы Ережені басшылыққа алады.

## II. Қамқоршылар кеңесінің мақсаты мен міндеттері

4. Қамқоршылар кеңесінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының мүддесі үшін университеттің интеллектілік мүмкіндігін тиімді пайдалану, сондай-ақ университеттің бұдан былай да дами беруіне жәрдемдесу, оған қажетті материалдық немесе ұйымдастырушылық көмек көрсету болып табылады.

5. Осы басты мақсатқа жету үшін Қамқоршылар кеңесі төмендегідей негізгі міндеттерді алға қояды:

университетте жоғары білім саласындағы мемлекет саясатын жүзеге асыру;  
университет дамуының стратегиясы мен тактикасын анықтау;  
университеттің дүниежүзілік білім беру жүйесіне енуіне атсалысу;  
бірінші кезекте фундаментальдық ғылым мен жаңа технологиялардың басым бағыттарына қолдау көрсету;

ерекше қабілеттілік көрсеткен азаматтардың сапалы жоғары білім алуына жәрдемдесу;

ҚазМҰУ-дың студенттер, профессорлар мен оқытушылар құрамына,

олардың интеллектілік және мәдени дамуының сұраныстарын қанағаттандыруға қолайлы жағдай жасау;

негізгі қызметтің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті заңға қайшы келмейтін басқа да функцияларды іске асыру.

6. Қамқоршылар кеңесі университет жұмысына:

университет басшылығымен, оның бөлімшелерімен, оқытушылармен, студенттермен және қызметкерлермен тұрақты жұмыс байланысын жасап тұру;

университеттік іс-шаралар өткізуге қатысу;

университет қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасау арқылы қатыса алады.

### III. Қамқоршылар кеңесінің құқықтары

7. Қамқоршылар кеңесінің:  
халықаралық деңгейде мамандар даярлау саласындағы университеттің қызмет бағытын анықтауға;

университеттің кадрлар әлеуетін, материалдық және әлеуметтік базасын күшейтуге, оның халықаралық байланыстарын дамытуға, Қазақстанның дамуының өзекті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге бағытталған ұсыныстар енгізуге;

демеушілік көмектің, оның ішінде шетел демеушілерінің көрсеткен көмегінің бағыты мен тиімді пайдаланылуын бақылауға;

тұрақты немесе уақытша пайдалануға берілген өндірістік және басқа да объектілердің тиімді пайдаланылуын тексеруге;

университет қызметінде орын алған кемшіліктер бойынша ескертпелер айтуға , оларды жою жолдарын көрсетуге құқылы.

### IV. Қамқоршылар кеңесінің құрамы, құрылымы және функциясы

8. Қамқоршылар кеңесінің құрамына:  
мемлекеттік мекемелердің, басқару органдарының;  
кәсіпорындар мен инвестор-ұйымдардың (концерндер, акционерлік қоғамдар, ассоциациялар, банктер, бірлескен кәсіпорындар, бірлестіктер);  
мамандарға сұранысы барлар мен университетке ол жөнінде тапсырыс бергендердің;  
жинақ кассасына ақша салған жеке адамдардың;  
қоғамдық ұйымдар, қорлар, ассоциациялар мен қозғалыстардың;  
шет мемлекеттердегі және Қазақстандағы ұйымдар мен әріптес оқу орындарының өкілдері ене алады.

9. Қамқоршылар кеңесінің құрамы 5 жыл мерзімге бекітіледі. Қажет болған жағдайда Қамқоршылар кеңесінің құрамына оның президиумының шешімімен жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10. Қамқоршылар кеңесінің мәжілісінде сайланған төраға Кеңестің басшысы болып табылады. Кеңес төрағасы кеңес атынан арнаулы өкілетсіз-ақ іс-әрекет

жасайды. Кеңес атынан университет, мемлекеттік органдармен және басқа да барлық жауапты адамдармен қарым-қатынаста болады. Төраға Кеңес жұмысын Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеге сәйкес ұйымдастырып, іске асыруды қамтамасыз етеді.

11. Кеңес төрағасының орынбасарлары Кеңес төрағасының ұсынысы бойынша сайланады. Университет ректоры Қамқоршылар кеңесіне төраға орынбасарларының бірінің құқығымен енеді. Орынбасарларының құзырларын төраға айқындайды.

12. Кеңестің жауапты хатшысы Кеңес төрағасының ұсынысы бойынша сайланады. Ол Кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге, оның мүшелерінің қызметін үйлестіруге жауап береді.

13. Қызметті ұйымдастыруды үйлестіру және тікелей басқаруды іске асыру үшін тұрақты негізде Қамқоршылар кеңесінің ұсынуымен құрамында Кеңес төрағасы, оның орынбасарлары, университет ректоры, Кеңестің жауапты хатшысы және Кеңестің үш мүшесі бар Қамқоршылар кеңесінің Президиумы құрылады.

14. Кеңестің мәжілістері оның жұмыс жоспарына сәйкес, кемінде

жылына бір рет өткізіледі. Жоспардан тыс мәжілістер қажеттігіне қарай Кеңес төрағасының шешімімен немесе Кеңес мүшелерінің төрттен бірінің талабы бойынша өткізіледі. Қамқоршылар кеңесінің мәжілісіне оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысуға тиіс.

15. Кеңес шешімдері мәжіліске қатысушы Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 25 маусымдағы  
N 540 қаулысына  
N 2 қосымша

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық  
университеті Қамқоршылары кеңесінің құрамы

<\*>

Назарбаев Н.Ә. - Қазақстан Республикасының Президенті,  
Қамқоршылар кеңесінің құрметті төрағасы  
(келісімі бойынша)

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-

Министрінің орынбасары, аталған Кеңестің  
төрағасы;

Нәрібаев К.Н. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық  
университетінің ректоры, Кеңес төрағасының  
орынбасары;

Мансұров З.А. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық  
университетінің проректоры, Кеңестің  
жауапты хатшысы болып;

Аталған Кеңестің мүшелері болып:

Әбішев С.Ж. - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс  
басқарушысы (келісімі бойынша);

Алшанов Р. - "Тұран-Азия" холдинг-орталығының президенті;

Досмұхамбетов Т.М. - Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм  
мен спорт министрі;

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
төрағасы (келісімі бойынша);

Жұрынов М.Ж. - Қазақстан Республикасының Білім министрі;

Қалабаев Н.Б. - Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының  
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор  
меңгерушісі;

Кох Карл Хайнц - профессор, Көмек қорының президенті (Бельгия)  
(келісімі бойынша);

Нәбиев Ж.Ж. - "Қазақстан-Коммерция" акционерлік  
компаниясының президенті (келісімі бойынша);

Құлмаханов Ш. - Алматы қаласының әкімі;

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Сұбханбердин Н.С. - "Қазкоммерцбанк" акционерлік банкі  
басқармасының төрағасы;

Тоқаев Қ.К. - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер  
министрі;

Хедлоу Мартин - ЮНЕСКО-ның Қазақстан Республикасындағы  
өкілі (келісімі бойынша);

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрі -  
Ғылым академиясының президенті;

Шөкеев О.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика  
министрі;

Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық  
агенттігінің төрағасы (келісімі бойынша)

<\*>

Зана Е.Н. - "Теңізшевройл" біріккен мекемесінің бас  
директоры (АҚШ) (келісімі бойынша)

<\*>

Тайсон Дж.М. - "Солтүстік-батыс сулары" фирмасының қоршаған  
ортаны қорғау менеджері (Ұлыбритания)  
(келісімі бойынша).

Ескерту. Қамқоршылар кеңесінің құрамына өзгеріс енгізілді -  
ҚРКМ-нің 16.05.1994 ж., N 525 қаулысымен.

Ескерту. Құрамына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.20.  
N 615 қаулысымен.

P960615\_

ЕСКЕРТУ. Құрам толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.18. N 1400

P961400\_

қаулысымен.